

Сәулет-қала құрылысы саласында бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 қарашадағы N 1187 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Сәулет-қала құрылысын бақылау функцияларын орындайтын ұйымдардың қызметін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, министрліктер мен ведомстволардың басшылары бір айлық мерзім ішінде заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында сәулет-қала құрылысын бақылауды жетілдіру туралы" 1996 жылғы 24 қаңтардағы N 88 Р960088_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 6, 30-құжат) құрылған, сәулет-қала құрылысын бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың функцияларын қайталайтын жекелеген ұйымдардың функцияларын жою жөнінде ш а р а л а р қ а б ы л д а н с ы н .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі